

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесін бекіту туралы және есеп берудің жаңа үлгілеріне көшу мерзімі туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесіне өзгерістерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 354 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1677. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері ұсынатын статистикалық есеп пен мәліметтердің нысандарын жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 347 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен келісілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесіне өзгерістер бекітілсін және Ережеге өзгерістер мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесіне өзгерістерді (бұдан әрі - Ережеге өзгерістер) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Ережеге өзгерістерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге

ж і б е р с і н .

3. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде Ереженің бекітілген өзгерістеріне сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгеріс енгізетін болсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 14 қыркүйектегі  
N 354 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесіне өзгерістер**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "Банктік статистикалық есеп беру тізбесі және үлгілерді беру мерзімі" деп аталатын 2 - б ө л і м д е г і :

- 1) кестенің 12-жолы алынып тасталсын;
- 2) кестенің 13-жолындағы "ұсыну кезеңділігі" бағанындағы "онкүндік" деген сөз "айлық" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) кестенің 15-жолы алынып тасталсын.

2. "Статистикалық есеп беру нысаны" деп аталатын 4-бөлімдегі:

1) "Банктердің қолма-қол ақша айналымы (касса айналымы) туралы есебі" МСБ статистикалық есеп - N 12 нысан өзгертілсін.

2) "Металл ақша айналымы туралы есеп" ОММ статистикалық есеп - N 15 нысан өзгертілсін.

3. "Статистикалық есеп беру нысандарын жасау жөніндегі нұсқаулар" деп аталатын 5 - б ө л і м д е г і :

1) "Банктердің қолма-қол ақша айналымы (касса айналымы) туралы есебі" МСБ статистикалық есепті - N 12 нысанды жасау бойынша нұсқаулар алынып

т а с т а л с ы н .

2) "Банктердің қолма-қол ақша айналымы (касса айналымы) туралы есебі" СБ статистикалық есепті - N 12 нысанды жасауға нұсқаулардың екінші бөлігіндегі:

"12 - СБ, 12 - МСБ нысандары бойынша" деген сөздер "12 - СБ нысаны бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"12 - СБ, 12 - МСБ есептері" "12 - СБ есептері" деген сөздермен ауыстырылсын .

3) "Металл ақша айналымы туралы есеп" ОММ статистикалық есепті - N 15 нысанды жасауға нұсқаулар алынып тасталсын.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

М а м а н д а р :

О м а р б е к о в а      А . Т .

Пірімұхамедова Ұ.А.